

Хабарлама

2026-2027 оқу жылында мектебімізде жалпы білім алушылар саны- 340. Екі мезгіл ыстық тамақпен аз қамтылған- 17, оның ішінде білім алушылар саны 106 оқушы толық ыстық тамақпен қамтылып отыр. Асхананың кезекшілік кестесі құрылып, белгіленген уақыт бойынша білім алушылар уақытында тамақтанады. Таңертең 1,4,5,9,10,11 сыныптар асханаға екінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтанса, түстен кейін 2,3,6,7,8 сыныптар асханаға екінші сабақтан кейін 15 минуттық үзілісте тамақтануға барады.

Мектепте ата-аналармен жүйелі жұмыс жүргізілді: ата-аналар жиналыстарында балаларды ыстық тамақпен қамту қажеттілігі түсіндірілді; мектеп оқушыларымен тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша және салауатты өмір салтын насихаттау бойынша ақпараттық және тәрбие жұмыстары: оқушыларды ыстық тамақтануға қатыстыру бойынша сынып сағаттары, сыныптан тыс шаралар өткізілуде.

Ас блоктарына мониторинг айына 2 рет жүргізіліп отырады. 2026 жылдың 1 қыркүйек күні сағат 9.35 уақытында Жаңашаруа қазақ орта мектебінің асханасында, білім беру ұйымдарында оқушылардың тегін ыстық тамақпен қамтуын, асхана жағдайымен асхана қызметкерлерінің жеке бас тазалығын, өнімдер мен дайын өнімдердің жарамдылығына мониторинг жүргізу үшін құрылған бракераж кеңесі тексеру жұмыстарын жүргізді. Кеңес құрамы: Кеңес төрайымы Г.Қойшығалиева-директордың тәрбие жөніндегі орынбасары. Кеңес мүшелері- К.Мұратова бастауыш оқу ісі жөніндегі орынбасары, әлеуметтік педагог Э.Сагинова, Ж.Омарова ата-ана комитетінің мүшесі, Кенжебаева М-медбибі. Биылғы, 2026-2027 оқу жылында мектеп асханасы ҚР Білім және ғылым министрінің 31 қазан 2018 жылғы №598 бұйрығына қосымша 8 маусым 2020 жылы №235 бұйрығының 83 бабын басшылыққа ала отырып, 2024 жылы 24 қаңтар №3 келісім шарт жасакталып, тамақ беру жалғасуда. Қазіргі таңда мектепте 159 ерекшелік бойынша 1-4 сыныптардан 106 оқушы, 163 ерекшелік бойынша - 1-4 сыныптардан -7, 5-11 сыныптардан 10 білім алушы тамақтануда. Атап айтсақ І ауысымда- 58, ІІ ауысымда -65 білім алушы. Барлық тамақтанып отырған оқушы саны-123. Кәсіпкер Нурмагамбетова Мерует Артағалиевна. Тексеру барысында: бас аспаз –А.Қазалиева, бас аспаздың көмекшісі-Ш.Шоханова өз жұмыс орындарында болды. Жұмыстарын таза, әрі тиянақты атқарды. Асхана мәзірі 2 апталық асмәзірімен сәйкес келеді және бекітілген. Күнделікті ас мәзірін, сынамалардың болуын диетолог тексереді. Қойма іші таза, санитарлық гигиеналық талаптар сақталған. Құрғақ өнімдер сөрелерде, арнайы ыдыстарда жинақы тұр.